

**"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы N 334 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 25 маусымдағы N 623 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 шілдеде N 4721 болып тіркелді

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына, «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**

**Е Т Е Д І :**

1. «Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4539 тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2013 жылғы 23 қарашада жарияланған) Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Қ. Көшербаев*

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік  
инспекция комитетінің Қызылорда  
облыстық аумақтық инспекциясы»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Б. Нұртазаев

2014 жылғы «25» маусым

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2014 жылғы «25» маусымдағы

№ 623 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2013 жылғы 23 қазандағы

№ 334 қаулысына қосымша

**Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып,  
карантиндік аймақты белгілеу туралы**

р/с	Аудандар, қала	Барлық залалданғаны, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, г		
			жатаған у кекіре	арамсоюу	калифор қалқанша
1	Арал ауданы	70,5	67	3,5	-
2	Қазалы ауданы	232	64	55	31
3	Қармақшы ауданы	329,8	62,5	112,3	11
4	Жалағаш ауданы	399,25	82	90,2	17,05
5	Сырдария ауданы	450,5	72	103,5	21
6	Шиелі ауданы	1005,2	146	139,2	10
7	Жаңақорған ауданы	1058,8	181	183,8	37
8	Қызылорда қаласы	58,25	18	12	10,25
Барлығы		3604,3	692,5	699,5	137,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК